

Латвия Республикасы 2004 жылғы 1 мамырдан бастап Еуропалық Одаққа мүше мемлекет болғанын ескере отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы мен халықаралық шарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың арасындағы шарттарға сәйкес өзара мүддені білдіретін барлық салалардағы экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытады және нығайтады.

Осы Келісімді Латвия Республикасының қолдануы оның Еуропалық Одаққа мүшелігінен туындайтын міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Тараптар өзара тиімді ынтымақтастықтың басым салалары мен жаңа секторларын айқындау үшін консультациялар жүргізеді.

2-бап

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық:

ғылыми-техникалық қызметтің әртүрлі салаларында мамандармен алмасу;

ғылыми-техникалық ақпаратпен алмасу;

ғылыми және технологиялық зерттеулер мен әзірлемелерді, ғылым технологиялар және жаңа енгізілімдер саласындағы басқа да бірлескен қызметтерді ұйымдастыру;

оқытуды және курстарды ұйымдастыру;

өзара мүдде саласындағы семинарларды, пікірталастарды, конференциялар мен көрмелерді ұйымдастыру;

басқа да ынтымақтастық нысандары арқылы орындалады.

3-бап

Ғылыми мекемелер, білім беру институттары мен ғылыми-техникалық ұйымдар ортақ бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға ықпал ету, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында ортақ зерттеу орталықтарын және басқа да ынтымақтастық нысандарын құру мақсатында осы Келісім шеңберінде ғылым мен техника саласында ынтымақтасады.

4-бап

Тараптар ұлттық заңнамаларға сәйкес сауда коммерциялық қызмет, инвестициялау, қаржылық қызметтер көрсетуге қатысты ақпаратпен және сауданы ілгерілету мен жәрдемдесуге қажетті басқа да ақпаратпен жүйелі түрде алмасады.

5-бап

Тараптар сауда - экономикалық, өнеркәсіптік және технологиялық ынтымақтастықтағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың маңыздылығын мойындайды. Тараптар өз мемлекеттеріндегі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнама және рәсімдер туралы ақпаратпен алмасады.

6-бап

1. Тараптар осы Келісімді орындау мәселелерін қарау мақсатында Үкіметаралық Комиссия құрады.

2. Үкіметаралық Комиссия Тараптардың өкілдерінен тұрады. Кездесулер Астана және Рига қалаларында кезекпен екі жылда бір рет өткізіледі.

3. Үкіметаралық Комиссия Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың нәтижелерін қарайды және Келісімнің мақсаттарын орындау үшін ұсынымдар береді.

4. Үкіметаралық Комиссия осы Келісімнің түзетулері мен өзгерістері бойынша ұсынымдар береді.

5. Үкіметаралық Комиссия қажет болған жағдайда осы Келісімнің мақсаттарын орындауды жеңілдету үшін кіші комиссиялар мен жұмыс топтарын құрады.

6. Комиссияның жұмыс тәртібін Комиссия бекітетін Регламент айқындайды.

7-бап

Тараптар егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса олардың осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

8-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіру және қолдануға қатысты даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен реттелетін болады.

9-бап

Осы Келісім олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпейді.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 2001 жылғы 5 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Латвия үкіметаралық комиссиясын құру туралы келісімнің күші жойылды деп саналсын.

12-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты өзінің мұндай ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар ету жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Осы Келісім Тараптардың бірінің мұндай хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткен соң күшін жояды.

2004 жылғы _____ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бердей.

Осы Келісімді түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Латвия Республикасының

Үкіметі үшін